

Атырау облысының су объектілерінде жаппай демалуға, туризм мен спортқа арналған орындарды белгілеу туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2026 жылғы 26 желтоқсандағы № 297 қаулысы

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 125 - бабының 4 - тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27, 37-баптарына сәйкес, Атырау облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Атырау облысының су объектілерінде жаппай демалуға, туризм мен спортқа арналған орындары белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысының әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

С. Шәпкенов

Атырау облысы
әкімдігінің 2025 жылғы
26 желтоқсандағы № 294
қаулысына қосымша

Атырау облысының су объектілерінде жаппай демалуға, туризм мен спортқа арналған орындар

№	Су объектісінің атауы	Көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлер	қала/ ауыл, ауылдық округ
Атырау қаласы			
1.	Жайық өзені	Қ.Мамеқұлы көшесі аумағындағы жағажай	Атырау қаласы
2.	Жайық өзені	И.Мечников өткелі аумағындағы жағажай	Атырау қаласы
3.	Жайық өзені	"Балықшы" тұрғын үй алабы аумағындағы жағажай	Атырау қаласы
4.	Жайық өзені	"Тұрғын үй қалашығы" аумағындағы "Алладин" мейрамханасының маңындағы жағажай	Атырау қаласы
5.	Жайық өзені	Дене шынықтыру - сауықтыру кешені аумағындағы жағажай	Атырау қаласы
Спорт			

6	Жайық өзені	" № 1 Балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" КММ " Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы" ММ ескек есу базасы, мекен-жайы: Әйтеке би 91/1, 91а, Х. Ерғалиев ескерткіші жағынан жағалауға шығу, оқу-жаттығу процесін өткізу үшін Балықшы автокөлік көпірінен Теміржол көпіріне дейінгі аралық	Атырау қаласы
Жылыой ауданы			
7.	Қамыскөл көлі	Қамыскөл көлі аумағы	Құлсары қаласы
Индер ауданы			
8.	Жайық өзені	Индербор кентіндегі орталық көпірдің сол жақ бетінде орналасқан жаздық жағажай, Набережный телімі, құрылым-3	Елтай ауылдық округі
Құрманғазы ауданы			
9.	Қиғаш өзені	Қиғаш көшесі №4 үйдің жаға бойы	Бірлік ауылдық округі
10.	Шарон өзені	Х.Доспанова көшесі №1 үйдің жаға бойы	Орлы ауылдық округі
Қызылқоға ауданы			
11.	Ойыл өзені	Этноауыл учаскесі	Миялы ауылдық округі
12.	Ойыл өзені	Жағалау учаскесі	Миялы ауылдық округі